


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА АЛМАТЫ
КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
15.08.2020ж. №56

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№56 от 15.08.2020г.

Шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы №239 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Карантиндік шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 15.08.2020 ж. №48 қаулысы негізінде Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н:

1. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілері өздерінің меншік нысанына қарамастан, Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармалары:

1) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) барлардың, банкет залдарының, ойын-сауық мекемелерінің (караоке, кальян, бильярд, компьютерлік клубтар, букмекерлік кеңселер, Түнгі клубтар, боулинг-орталықтар, жабық үй-жайлардағы аттракциондар, фудкорттар,

кинотеатрлар және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындары, ойын-сауық мекемелері жанындағы балалар ойын алаңдары мен батуттар және т. б.) қызметіне тыйым салуды;

3) барлық мәдениет объектілерінің (театрлар, концерт залдары, мұражайлар, көрмелер және т. б.) қызметіне тыйым салуды;

4) діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, синагогалар және т. б.) қызметін тоқтата тұруды;

5) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне тыйым салуды;

6) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салуды. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметіне 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын сақтаған кезде және ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда;

7) бассейндердің, қалалық және қоғамдық жағажайлардың, ашық аквапарктердің қызметіне тыйым салуды;

8) ұлттық парктердің, танымал туристік және тау объектілерінің (Медеу, Бутаковка, Алма-Арасан, оның ішінде радон көзі) аумағына көліктің кез келген түрінде шығу. Демалыс күндері (сенбі және жексенбі) күндері ұлттық парктер келушілер үшін жабық. Жаяу серуендеуге келесі ережелерді сақтай отырып, жұмыс күндері ғана рұқсат етіледі: маска режимі мен әлеуметтік қашықтық талаптарын сақтау, өзімен бірге азық-түлік өнімдерін (сусындардан басқа) алып келуге, пикниктер ұйымдастыруға және от жағуға қатаң тыйым салынады; парк аумағында үш адамнан астам топтың болуына тыйым салуды;

9) демалыс күндері келесідей шектеу шараларын енгізуді:

- қоғамдық көлік жұмысын тоқтата тұру;

- 65 жастан асқан адамдардың тұрғын үйлерінің аумағынан шығуын шектеу;

- барлығы үшін - ашық ауада, үй-жайларда, көлікте маска режимін сақтау;

- кемінде 2 метрлік әлеуметтік қашықтықты сақтау;

- сауда ойын сауық орталықтарының (ондағы азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда), сауда үйлерінің, азық-түлік емес сауда желілерінің; азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарларының; сұлулық салондарының; шаштараздардың; косметологиялық кабинеттердің; СПА-салондарының; фитнес-орталықтар және спорттық-сауықтыру орталықтарының; моншалардың, сауналардың; ашық ауадағы аттракциондардың қызметін тоқтата тұру;

10) объектілердің толтырылуы бойынша көрсетілген талаптарды қамтамасыз ете отырып, InfoKazakhstan.kz сайтынан электронды форматта берілетін санитариялық қағидаларға сәйкестік актісі негізінде келесі субъектілердің қызметін кезең-кезеңмен қайта бастауды:

- СОСО, сауда үйлері (бутиктер), сауда желілері, жабық базарлар (толымдылығы 30%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш. м);

- сұлулық салондары, шаштараз, СПА орталықтары, косметологиялық қызмет көрсететін нысандар (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 4 ш.м.);

- балаларға арналған түзету кабинеттері, балалар және ересектерге білім беру орталықтары (топтарда — 5 адамнан артық емес, жазылу бойынша);

- ашық ауадағы аттракциондар (қашықтықты сақтау, маска тағу, адамдар ағынын реттеу);
- фитнес-орталықтар және спорттық-сауықтыру орталықтары (бассейні жоқ), (қуаттылығы 50%-дан артық емес, 1 келушіге 5 ш.м., алдын ала жазылу, бак.шамдары);
- моншалар, сауналар (бассейні жоқ), (толымдылығы 50%-дан аспауы тиіс, 1 келушіге 4 ш.м.);
- қашықтықтан жұмыс істеу форматы (мемлекеттік органдардың (ұйымдардың) қызметкерлерінің кемінде 80% -ы үшін);

11) ҚР БМСД №43 қаулысының талаптарын сақтай отырып, ХҚО-ның жұмысын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыруды;

12) Маска режимінің ашық ауада, үй-жайларда, көлікте сақталуын, кемінде 2 метрлік элеуметтік дистанцияны және қол гигиенасының (санитайзерлер) талаптарын сақтай отырып карантиндік шараларды кезең-кезеңмен жеңілдетуді :

- спортпен шұғылдану: ашық ауада жеке және топтық жаттығулар жасауға (5 адамнан артық емес); Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру);

- халықтың қозғалысы: көшелерде халықтың орын ауыстыруы (3 адамнан артық емес); саябақтарға, скверлер мен жағалауларға бару (3 адамнан артық емес); қоғамдық көлік жұмысына рұқсат беру (қарбалас уақытта автобустар санының артуы, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өңдеу, барлық есіктердің ашылуы, отыратын орындар саны бойынша толымдылығы);

13) қоғамдық мониторинг үшін объектінің кіреберісінде көрінетін жерде санитариялық қағидаларға сәйкестік актісін орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілері өздерінің меншік нысанына қарамастан, Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің аумақтық басқармалары:

1) сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда орталықтарының, сауда үйлерінің, ауданы 2000 шаршы метрден асатын азық-түлік емес дүкендердің, сондай-ақ азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың, қызметкерлер арасында COVID-19 коронавирустық инфекциямен аурушандықтың жоғары көрсеткіші бар объектілердің жұмысын қайта бастауға объектінің дайындығын бағалаудан өткеннен кейін және InfoKazakhstan.kz сайтынан санитариялық қағидаларға сәйкестігі актісін алғаннан кейін рұқсат етсін. Дайындықты бағалауды Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің, Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының, Алматы қаласы аудандары әкімдіктерінің және Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен құрылған жұмыс комиссиясы жүргізеді;

2) қаулының 1 тармағының 10) тармақшасында көрсетілген қалған объектілердің жұмысын қайта бастауға субъектінің бірінші басшысының

электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған объектінің дайындығы туралы хабарламаны «infokazakhstan.kz» порталы арқылы бергеннен кейін рұқсат етсін;

3) қызметі рұқсат етілген объектілерде шектеу шараларының, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қолданылсын.

3. Субъектілерге өздерінің меншік нысанына қарамастан:

1) 24.08.2020 жылға дейін шектеу іс-шаралары кезеңіне арналған санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін infokazakhstan.kz сайтында тіркеуден өту қажет;

2) COVID-19 коронавирустық инфекциясымен аурушаңдық жағдайларын уақтылы анықтау мақсатында, жұмысшылар жалпы санының кемінде 10% -ын құрайтын объект қызметкерлерін COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу ұсынылады;

3) «Алматы қаласының Бірыңғай жылу картасын» кейіннен синхрондай отырып, шектеу іс-шаралары кезеңінде объектіде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтаудың тұрақты мониторингін қамтамасыз ету үшін "Алматы" ӘКК жанындағы ахуалдық орталықтың ақпараттық платформасына деректерді бере отырып, бейнебақылау жүйесін енгізу ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «карантиндік шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 15 тамыздағы №48 қаулысының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. «Алматы қаласының қоғамдық бақылау» қоғамдық бірлестігіне бизнес-қоғамдастықтың шектеу іс-шаралары кезеңінде объектілерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауына ішінара мониторинг жүргізу ұсынылады.

5. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Алматы қаласының аумағында қатаң шектеу шараларын одан әрі жалғастыру туралы» 2020 жылғы 01 тамыздағы №55 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 3 тармақтың 1), 2), 3), 4), 7), 10) және 11) тармақшалары, 4 тармақтың 1), 2), 3), 4), 6) 7) тармақшалары алынып тасталсын;

4) 4-тармақтың 4) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

«4)жұмыс, демалыс және мереке күндері 9:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ұжымдық іс-шараларды өткізбестен, ашық ауада 50 отыратын орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат. Жұмыс, демалыс және мереке күндері 9:00-ден 23:00-ге дейін алып кету және жеткізуге қызметіне рұқсат етіледі»;

5) 4-тармақтың 5) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

«5)бассейндердің, қалалық, қоғамдық жағажайлардың, аквапарктердің қызметіне тыйым салу»;

6) 4-тармақтың 12) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

«12)халыққа байланыссыз қызмет көрсету жөніндегі объектілердің қызметіне рұқсат беру (көлік жуу орындары, жеңіл автокөліктерге техникалық

қызмет көрсету станциялары, шиномонтаж учаскелері, тұрмыстық техниканы жөндеу, аяқ киім шеберханалары, химиялық тазалау, кір жуу орындары және т.б.)».

6. Осы қаулы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан, барлық жеке және заңды тұлғалардың, кәсіпкерлік субъектілердің орындауы үшін міндетті.

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялқ дәрігері**



Ж. БЕКШИН